

8-САБАҚ

АКАДЕМИЯЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ТІЛДІК НОРМА

Қай тілде де айтылу нормасы, жазылу нормасы, дұрыс сөйлеу нормасы тәрізді бірқатар нормалардың болатыны белгілі. Тіл дамып, өзгерген сайын оның нормалары да өзгереді. Оның үстіне тілдік ортада болатын алуан түрлі сапалық өзгерістер тілдік нормаларға өте қатты әсер етеді.

Тілді әдеби қалпына келтіретін, нормалайтын нәрселер – әртүрлі сөздіктер мен оқулықтар, оқу құралдары, әр алуан әдебиет пен көпшілікке арналған үгіт-насихат орындары; оқу-ағарту орындары мен өнер-білім, ғылым мекемелері т.б. Сөйтіп, тілдік норманы айқындаудың критерийі бірнеше болғанда, соларды баянды етудің, жұртқа танытудың жолы да бірнеше болады:

1) Кодификация жолы (тілдегі заңды құбылыстарды оқулық және басқа құралдар арқылы насихаттау).

2) Теңдестіру жолы (тілдік құбылыстарды ресми түрде қабылдап, оларға жалпы халыққа ортақтық сипат беру, мысалы, орфографияда, терминологияда).

Әсіресе тілдік нормалардың қалыптасуында тілдің табиғатынан тыс экстралингвистикалық әлеуметтік, саяси, мәдени факторлардың да үлесі болатындығын ескеру қажеттігі даусыз. Қазақ тілінің бүгінгі тағдырында халықтың сауаттылық деңгейінің көтерілуі, бұқаралық ақпарат каналдарының өріс алуы, әлеуметтік қызмет өрісінің кеңеюі және «мемлекеттік тіл» статусына ие болып, саяси құқығының көтерілуі үлкен мән алып, оның барлық жағынан дамуына, нормаларының қалыптаса түсуіне зор ықпалын тигізіп отыр.

Тілдің әдебилігі, сол тілде сөйлейтін адамдардың баршасына түсінікті және олардың бір-бірімен ортақ қарым-қатынас құралының ең жоғарғы түрі болуы оның орныққан жүйелі нормалары негізінде ғана жүзеге аспақ. Әдеби тілдің өзіндік нормалары тілдік құрылымның әрбір деңгейімен немесе қабатымен тығыз байланыста болып, солардың шеңберінде көрініп отырады. Тілдік құрылымның әр деңгейінің қалыптасқан, шындалған, сымбатталған тұрақты нормалары болып отырады. Сол деңгейлік нормалар жиынтығы және солардың жүйесі жиналып келіп, әдеби тілдің бір бүтін жалпы нормаларын құрастырып қалыптастырады.

Норманың тұрақтылығы халықтың дүниетанымын, ұжымдық тәжірибесін, рухани мұрасын, мәдени дәстүрін сақтауға, келесі ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік береді. Сол танымдық, руханилық дүниеліктердің, мәдени дәстүрді сақтап, келесі бір аса зор рухани құндылықтарды жасаудың, дамытудың қуатты әлеуеті болуы тілдік норманың тұрақтылығымен байланысты.

Норма – негізінен тілдің өзі ұсынған тәртіп, нормалану – сол тәртіптерді тілдің өзінің қалыптастыруы. Тілдің нормалануы мен ол нормалардың кодификациясы – бір әрекет емес, соңғысы тіл үдерісіне адамдардың араласуы, яғни тілдік нормаларды реттеу, сұрыптау, дұрысын бекіту, қалыптанғандарын хатқа тіркеу сияқты іс-әрекетті білдіреді.

Тілдің қарым-қатынас құралы ретінде қоғамда қызмет етуі, сондай-ақ тілде ұлттық, мәдени ерекшеліктердің көрініс табуы – қоғамның тілді қолдануының нәтижесі. Тілдік материалдарды қолдана отырып қарым-қатынас жасау барысында адамның өз ойын, білгенін дұрыс жеткізе алуы – адам әрекетінің әрі қарай дұрыс жүзеге асуының кепілі.

Осылайша нормадағы сабақтастық үзілмеген жағдайда бір ұрпақтың келесі ұрпақты түсінбей қалу қаупі болмайды. Мысалы, күні кеше ғана *Қазақстан бойынша жеткіземіз – Қазақстан аумағында жеткіземіз, орындықтың арқасы – орындықтың арқалығы, қолды сабынмен жуу – қолды сабындап жуу, тұсқағаздар – тұсқағаздар, гүлмен суретке түсу – гүлді ұстап суретке түсу* сияқты т.б. сөздер біршама уақыт жарыса қолданылып, аз мерзімнің ішінде норма мен узустың аражігін ажырата алмай, қалыпты қолданысқа

айналып кетті. Бұлай болатыны – кейбір сөздердің қолданылу жиілігі мен белсенділігі, яғни рекуленттілігі аса жоғары болады.

Тілдік норманың түрлерін орфографиялық норма, орфоэпиялық норма, грамматикалық норма, лексика-фразеологиялық норма деп ғалым Н.Уәли топтастырған.

Егер жоғарыда айтылғандарға сүйенсек, сөз мәдениеті деген ұғым 1) тілдік норма; 2) этикалық норма; 3) коммуникативтік норма деп аталатын норманың үш типін қамтитынын аңғарамыз.

Сонымен, сөз мәдениеті дегеніміз – тілдік қарым-қатынастың белгілі бір жағдаятына қарай, сөз саптау этикасын сақтай отырып, коммуникативтік мақсатқа тиімді түрде жетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретіндей тілдік құралдарды талғау, саралау, олардың басын қосып, біріктіруде әдеби тілдің ауызша және жазбаша нормаларын меңгеру.

Тілдік нормалар: орфоэпиялық норма, орфографиялық норма, лексика-фразеологиялық норма, грамматикалық (сөзжасамдық, морфологиялық, синтаксистік) нормалар.

Екі немесе одан да көп вариант болғанда, олардың біреуін талғап, тандап қолдану қажеттілігі пайда болған жағдайда норма мәселесін сөз етуге тура келеді.

Көп жағдайда бірнеше варианттың біреуі ғана норма деп танылады: *көбі – көбісі емес, туралы – турасында емес*, т.б.

Кей жағдайда екі немесе үш вариант та норма деп танылады *мұны/бұны, келуімен байланысты/келуіне байланысты*. Алайда бұлардың ішінде қайсыбіріне артықшылық берілетін нұсқалары болады.

✗қонақжайлы/қонақжайлылық

✓қонақжай/қонақжайлық

Қандай ел? Қонақжай ел. Кей кездері қонақжайлық, қонақжайлылық деп жазып жатамыз. Сонда қайсы дұрыс? Бұл сұрақтың жауабын табу үшін ойналайық: адам қандай болады? Қонақжайлы бола ма? Қонақжай бола ма? Ереже бойынша зат есім жасайтын – *лылық/-лілік* жеген жұрнақ жоқ. Осы жұрнаққа қатысты: ✓меймандостық-**✗**меймандостылық; ✓ол байсал адам, демек оның бойында байсалдық бар – **✗**ол байсал адам, демек оның бойында байсалдылық бар; ✓мейірбан кісінің мейірбандығын мақта - **✗**мейірбан кісінің мейірбандылығын мақта; ✓айқындық-**✗**айқындылық; ✓басымдық-**✗**басымдылық; ✓әсемдік – **✗**әсемділік, ✓ашкөздік-**✗**ашкөзділік; ✓кішіпейілділік-**✗**кішіпейілдік; ✓қарапайымдық-**✗**қарапайымдылық; ✓дербестік-**✗**дербестілік; ✓ғаріптік-**✗**ғаріптілік; ✓бірбеткейлік-**✗**бірбеткейлілік; ✓егемендік-**✗**егеменділік.

Сондай-ақ кейде сын есімнен зат есім жасамас бұрын, оның өзі дәл сол мәндегі зат есімнен шығып тұр ма, жоқ па – тексеріп алған жөн:

✗коммуникативтік дағдылар (коммуникативные навыки)

✓коммуникация (жасау) машықтары

Навык(u)/skills сөзі қазақ тілінде термин ретінде “дағды” болып қате аударылып бекітілген, өйткені “дағды” бір нәрсені күнделікті істеу арқылы қалыптасады, ал *skill* үйренуді талап етеді. Мысалы, “Күнде ерте тұруға дағдыланып алдым” деген дұрыс, ал “Укол салуға дағдыландым” дұрыс емес. Укол салу үйренуді, практиканы талап ететін машық.

✗атымен шақыру (звать по имени)

✓атын атап шақыру

✗«өзіне келеді» дегенді қолдануда еш әбестік жоқ секілді көрінеді (орысша тілінен тіркес) бұл тіркестің сорақылығы оны көпше түрде қолданып “өздеріне келеді” дегенде көрінеді

✓«ес жию» деген жап-жақсы тіркес бар шақыру

✗тек бір рет қана өмір сүреміз -✓бір-ақ рет өмір сүреміз

✗сауатты аударуға үйренейік -✓сауатты аударуды үйренейік

✗оқып бастағанда -✓оқи бастағанда

✗ орысша «почти» сөзіне балама қылып алған «дерлік» сөзін қазақша мәтінде орысшадағы “почти” сөзінің дәл орнына қойып қолдану. Мысалы: ✗дерлік бірдей-✓бірдей дерлік. Әдеби тілдің құрамында қарай отырып, сөйлеу тілінің кодификацияланған нормалардан бөлек, өзіне тән нормасы бар деп танымыз. Сөйлеу тілінде кездесетін *іштеңе, қоя қойшы* тәрізді қолданыстар жазба тіл мәтіндеріне жат болып есептеледі. Бірақ сөйлеу тілі үшін норма деп танылады. Сондай-ақ *студенттер білім алуда, Республиканың экономикасы қарыштап өсуде* сөйлеу тілі мәтініне жат, сөйлеу тілінің нормасы емес.

Грамматикалық нормалану. *Сол себепті «бургер кингі» «хангри жекс» деп атауға шешім қабылданған.* «Атауға шешім қабылдаған» тіркесі орыс тіліндегі үлгі бойынша түзілген. Барыс септігінің –ға жалғауы қосылуы қате. Дұрысы: *Сол себепті «бургер кингі» «хангри жекс» деп атауды ұйғарған немесе сол себепті «бургер кингі» «хангри жекс» деп атау туралы шешім қабылдаған.*

Ол саған анализдерге направление берген соң, келесі күні таң азанмен, ашқарынға барып, анализдерді тапсыруға кірісесің. Тіркесім дұрыс емес, барыс септігі орынсыз қолданылған. Неге бару деген сұрағын қойсаңыз, қателігі түсінікті болады. Дұрысы: *...ашқарын барып...* Сонымен қатар *анализ, направление* сөздерінің қазақ тіліндегі баламас қолданылуы керек.

Достар, сендер де осы тәжірибені жасасаңдар болады. Грамматикалық пішінді қате қолданудан мағынаға нұқсан келтіріп тұр. Қазақ сөйлеуінде әрекетті білдіру үшін шартты райды қолданған соң сол әрекеттің нәтижесі айтылады. Осы сөйлемді мысал етіп алсақ, тәжірибені жасаса, не болатыны, яғни шарттың нәтижесі, айтылуы керек. Ал сөйлеуші *болады* деген сөзді көмекші етістік ретінде беріп отыр. Бұл сөйлемдегі мақсат белгілі бір әрекетті орындауға мүмкіндік, рұқсат беру, мұндайда негізгі етістік барыс септігінде қолданылады да, оған «болады» көмекші етістігі тіркестіріледі. Дұрысы: *...жасауларыңа болады.*

Қолөнершілердің айтуынша, киізді киіз үйдің сыртын жабу үшін, жерге төсеу үшін және де кереге керу арқылы өз қажеттілігіне орай пайдалана білген(Сөзтүзер). Мысалда шылаулар қабаттаса жұмсалған, бұл ауызекі сөйлеу тіліне тән, алайда БАҚ-та жол берілмеуге тиіс құбылыс. Дұрысы: *Қолөнершілердің айтуынша, киізді ағаш үйдің сыртын жабу үшін, жерге төсеу үшін және кереге керу арқылы өз қажеттілігіне орай пайдалана білген.*

Мұражайға қор болар жәдігерлер өте көп. Орыс тілінің ықпалымен орныққан стильдік қате, жасанды қолданыс. Қазақ тілінде *көп (өте көп), аз (өте аз)* сөздерімен байланысқан сөзге көптік қосымшасы жалғанбауға тиіс. Дұрысы: *жәдігер көп.*

Бұл жайтты дереу ұялы телефонының бейнекамерасына түсіріп алған әйел видеоны желіге жария етеді. Жария етеді, жариялайды өзара мәндес қолданыстар болғанымен, бірінің орнына бірін қолдануға келе бермейді. Тіркесім заңдылығына сәйкес жария етеді етістігі *кімге? нені?неде?* сұрақтарына жауап беретін сөздермен синтаксистік қатынасқа түсіп, тіркес құрайды. Ал *жариялайды, жүктейді* секілді етістіктер *кімге?//неге? нені?неде?* сұрақтарына жауап беретін сөздермен синтаксистік қатынасқа түседі. Дәлірек айтсақ, әйел бейнежазбаны желіге емес, желіде жариялай алады немесе әйел бейнежазбаны желіге жүктейді. Дұрысы: *Бұл жайтты дереу ұялы телефонының камерасына түсіріп алған әйел бейнежазбаны желіде жариялайды немесе желіге жүктейді.*

Бетпердені шешу былай тұрсын, коронавирусты жеңуге ұжымдық иммунитет қалыптастырылуы керек. Септік жалғауын дұрыс қолданбаудан болған мағыналық қате. Дұрысы: *Бетпердені шешу былай тұрсын, коронавирусты жеңу үшін ұжымдық иммунитет қалыптастыру керек.*

Ит терімді басыма қаптап, айтпағанды айтып жатыр. Тұрақты тіркесті бұзудан болған қате. «Ит терісі» изафет тіркес, ол бірінші және екінші жақта тәуелденбейді. Тері – ұрыс еститін адамдікі емес, иттікі. Қай жақта айтылса да, «ит терісі» болып қалады. Дұрысы: *Ит терісін басыма қаптап, айтпағанды айтып жатыр.*

amway_kazakhstan_2021 «Оқу ақылы бола ма немесе грант болады ма?»,- деген сұрақ қалдырыпты (<https://kazgazeta.kz/news/123085>) Қалыптасқан нормадан ауытқу бар. Қазақ грамматикасында –а, -е, -й жұрнақты көсемшесі арқылы жасалған ауыспалы шақтағы етістікке ма, ме сұраулық демеулігі тіркескенде –ды, -ді жақтық көрсеткіштерін түсіріп тастап айту, жазу нормаға айналған. Дұрысы: ...бола ма?

Грамматикалық норма	Узус	Түсіндірмесі
Жиырманшы	Жырмасыншы Жиырманшы деп жүйе бойынша айтпай, жиырмансыншы деп қолданудан да тілдік жүйеден тілдік дағдының басым түсіп жатқандығын байқаймыз.	Есептік сан есімдерге қосымша -ыншы, -інші түрінде жалғанады: бесінші, алтыншы, жетінші т.б. осы сияқты жиырманшы болуға тиісті реттік сан есім дағды бойынша жиырмансыншы түрінде қолданылып жүр
Аспаз мектебі Зергер заттары	Аспаздық мектебі Зергерлік заттар	-лық, -лік жұрнақтарын –і, -ы тәуелдік жалғаудың үлгілерін орынсыз пайдаланады.
Тыныс алу жүйесі	Адамның тыныс алу жүйелері	Қазақ тілінде жүйе сөзі жинақтық мәнде қолданылатындықтан, көптік қосымшасы жалғанбайды. Сол сияқты тілімізде тыныс алу жүйесі, ас қорыту жүйесі, жүйке жүйесі, т.т. тіркестер тұрақтанған.
Ажырасу	Ажырасулар саны	Қазақ тілінде үдеріс атауына көптік қосымшасы жалғанбайды. Оның үстіне саны сөзі де орыс тілінен калька аударма нәтижесінде пайда болған. Сондықтан дұрысы – ажырасу.
Азамат	Азаматша	Орыс тіліндегі «гражданка» сөзіне балама іздеуден туған жасанды сөз. Қазақ тілінде род категориясы болмағандықтан «азаматша» деген сөзді жасауға да, қолдануға да қажеттілік жоқ.
Айыптұрақ	Айыппұл тұрағы	Дұрыс жасалмаған күрделі атау ұғым мазмұнын дәл бермей, мағыналық қисынсыздық туғызып тұр. Бұл – айыппұл сақталатын орын(айыппұлдың тұрағы) емес, айып тағылып, соған сәйкес айыппұлы төленгенге дейін көліктерді

		сақтайтын тұрақ. Дұрыс нұсқасы: айыптұрақ
Айтуымыз керек	Айту керекпіз	Орыс тілінің ықпалымен орныққан, қазақ тілінің тіркесім заңдылығын, қосымшалардың ерекшелігін ескермеуден туындаған қате. Қазақ тілінде тұйық етістікпен тіркескен керек сөзі жіктелмей, қосымша оның алдында тұрған етістікке жалғанады.
Ағайын	Ағайындар	асабалардың ауызынан «ағайындар» деген қате сөз түспейді. «Ағайын» сөзі де көптік мағынада пайдаланылады.

Орфографиялық нормалану. *Көшелерді жарықтандыру, ауызсу мен ағын судың проблемасы, каналдарды реттеу сындық мәселелер маған жақсы таныс.* Бұл бірлік бекітілген ереже бойынша ауыз су түрінде бөлек жазылады. Дұрысы: *ауыз су мен ағын су мәселесі, арналарды реттеу мәселесі маған жақсы таныс.*

Кейінгі уақытта Сәбит пен Ғабиттің шығармашылығына, өмірлік жеке ұстанымына қатысты түрлі желөкпе сөздердің көп айтылып кеткеніне орай батыл да тұжырымды пікір айтып жүрген білікті тұлғатанушы(Сөзтүзер). Желөкпе тілдік бірлігі фразеологиялық тіркеске жатады. Емле ережелерінде фразеологиялық тіркестің әр сыңары бөлек жазылатыны анық көрсетілген. Алайда соңғы шыққан орфографиялық сөздікте (2013 ж.) сол ережеге қайшы желөкпе жазылымы ұсынылып қате жазуға нұсқаған. Алайда бұл фразеологизм адамға қатысты жұмсалады, ал сөзге қатысты *алыпқашпа әңгіме, жел сөз, қаңқу сөз* деген нұсқалардың бірін қолдаған жөн. Сондай-ақ мысалдағы түрлі, сөздер, көп лексемаларының мағынасында көптік семасы бар, сондықтан бұл сөйлемде *-дер* көптік қосымшасын қатар жұмсау артық. Дұрысы: *өмірлік жеке ұстанымына қатысты түрлі жел сөздің көп айтылып кеткеніне орай батыл да тұжырымды пікір білдіріп жүрген білікті тұлғатанушы...*

Тұрақты мекендеуге кетіп жатқандарынан басқа жай визамен барып қалып қалғандар, тұруға ихтиярхат күтіп жүргендер қаншама? Әдеби нормадан ауытқу бар. Ихтияр сөзінің араб тілінен енгені, араб тілінде осылай дыбысталатыны рас. Әйтсе де қазақ тілінде араб сөздерін бейімдеп, әдеби тіліне енгізу қалыпты дәстүрге айналған, мысалы мумин – момын, ихтияд – ықтият, т.с.с. Сондықтан ықтиярхат деп жазған дұрыс.

Өйткені екіжақты ресми келісім-шарт бар. Қазақ тілінің нормасында келісім-шарт дейтін қос сөз жоқ, ешқандай сөздікте де тіркелмеген. Автор келісім және шарт сөздерінің іліктестігін ескеріп қос сөз қылып берген болуы керек, қос сөздердің мағыналары іліктес я қарсы сөздерден жасалатынын жоққа шығаруға болмайды. Алайда сөздерді қосарлаудан шығатын мағынада көптік мағынасын да қамтитын жалпылық мән болады, мысалы, *ата-ана* дегенде кемі екі адамды, *ыдыс-аяқ* дегенде бірнеше ыдысты атайтыны белгілі. Ал келісімшарт бір ғана жеке затты атайды. Сондықтан да бұған орай қосарлау тәсілін қолдану жаңсақтық болып саналады. Дұрысы: келісімшарт.

Қызылжарда көп балалы отбасы далада қалды. Емле қатесінң салдарынан ақпараттық мазмұнға нұқсан келген. Бұл сөйлемнен «баласы бар көп отбасы далаға қалғаны» туралы да ақпар алуға болады. Сын есімнің сөзжасамында күрделі сын есім жасалуының бір жолы – сан-мөлшерді білдіретін сөз бен зат есімнен жасалған қатыстық

сын есімнің бір сұраққа жауап беретіндей болып бірігуі. Бұл орфографиялық сөздіктерден де көрініс тапқан. Дұрысы: Қызылжарда көпбалалы отбасы далада қалды.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің жері қайда кетті: мәселе мәжіліс деңгейінде көтерілді. Қосымша дұрыс жалғанбаған. Қысқарған сөзге қосымша соңғы буынмен үндесіп, жуан немесе жіңішке нұсқада жалғанады. Дұрысы: *ҚазҰУ-дың*

Орфографиялық норма	Узус	Түсіндірмесі
Алла (Құдай) бұйырса	Алла (Құдай) бұйыртса	Басы артық дыбыс қосу. Діни негіздегі тіркесті айтқанда, яғни «Құдай бұйырса» дегенде «бұйыртса» емес, «бұйырса» деп айту керек
Әумин	Әмин	Қазақ тілінде дұрыс айтылуы мен жазылуы осындай. Орфографиялық сөздікте де солай бекітілген.
Ештеңе	Іштеңе	бейәдеби қарапайым сөйлеу тілі
Бүкіл	Бүткіл	Басы артық дыбыс қосу
Немқұрайдылық	Немқұрайлылық	Қазіргі қолданыстағы әдеби тілде бекітілген норма бойынша «немқұрайды» деген форма дұрыс. Ал енді «немқұрайлы» деген форма бұл жүйеге салып айтып жүрген нұсқа.
Бейнесабак	Бейне сабак	Бұл жаңа сөзге жатады, кейінгі орфографиялық сөздіктерде де, терминдік сөздіктерде де бұл біріккен сөз ретінде қаралып жүр.
Ағыл-тегіл	Ағыл тегіл	Қос сөз, сондықтан арасында дефис қойылуы міндетті.
Алайда	Алайда, олар – кәсіби баспагер емес.	Академик Р.Сыздықтың «Қазақ тілінің анықтағышында» шылау сөздердің алдында үтір қойылғанмен, кейін қойылмайтыны (одан кейін қыстырма сөз келмеген жағдайда) туралы сөз болады. Алайда сөзінен кейін кідіріс болғанмен, үтір қойылмауы керек[70].
Сыйынып	Сиынып	Қазақ тілінде екі дауысты қатар келмейді.
Мораторий	көбіне «мараторий» деп жазылып жүр, «мороторий» деп жазып қоятындар да бар	Орфографиялық нормамен емес орфоэпиялық

Интеллигенция	Журналистер «интелегенция», «интелегент» деп жаза береді	нормамен айтып, жазып жүрген дағды
Бойкот	Екі журналистің бірі «байкот» деп жазса, таңғалмаймыз	
Диктофон	Басылымдарда «диктафон» деген сөз өте-өте жиі ұшырасады	

Орфоэпиялық норма. *Отанымызда өсірілген көкөністі көрейік. Пайдалы тағамдардан тартынбай, күн сайын жеміс-жидек пен көкөністі молынан жеңіз.* Бұл мысалдар хабар жүргізушілердің ауызша сөзінен алынды. Екі дауыстының ортасында кейінді ықпал әсерінен «к» қатаң дауыссызы ұяндап «г» айтылады. Дұрыс айтылуы: *көгөніс*.

Теле-радиохабарларында, түрлі бағдарламада ауызша сөйлеуде сөз ішіндегі, сөз аралығындағы үндесімін, үйлесімін, сөз сазын, екпін ерекшеліктерін, интонациялық құралдарды. Қысқасын айтқанда, қазақ сөзінің орфоэпиялық нормасын сақтауға айрықша мән беру қажет. Мәселен, күн райын хабарлаушылар *Талдықорған, Жезқазған* сияқты қала атауларын айтқан кезде алдыңғы буындағы соңғы дыбыстың ұяң дыбысқа айналып айтылатынын (*Талдыгорған, Жезғанған*) ескере бермейді. Бұған сөздің екінші буынына дейін анық естілетін ерін үндестігін де қосуға болады (*шоқжұлдыз-шоғжұлдуз, күндіз-күндүз т.т.*) (Сөзтүзер, 2021: 387)

Этикалық нормалар. Сөз этикасының нормасына а) моральдық принциптерге, мәдени-ұлттық дәстүрге негізделген тілдесу нормалары мен ә) сөз этикетінің нормалары жатады. Сөз этикасы, сөз этикеті белгілі бір жағдаятта (ситуацияда) тілдесудің, сөз саптаудың тәртібіне тән ережелерді сақтауын талап етеді.

Сөз мәдениетінің этикалық компоненттері негізінен сөз актісінде, яғни өтіну, сұрау, ризалық білдіру, сәлемдесу, құттықтау, қоштасу т.б. тәрізді белгілі бір мақсат көздеп айтылған сөз әрекетінде көрінеді.

Сөз актісі қоғамда қабылданған лингвистикалық емес факторлармен байланысты ерекше ережелер бойынша жүзеге асады. Мұндай ережелер сөз актісіне қатысушылардың жасы, жынысы олардың арасындағы қарым-қатынастың ресми, бейресми түрімен байланысты. Қоғамда қалыптасқан этикалық норма бойынша, қандай жағдайда болмасын, бейпіл сөз айтуға үзілді-кесілді тыйым салынады. Біреуге дауыс көтеріп айғайлау, зіркілдеу т.б. жағымсыз реңктегі интонациялық құралдардың қолданылуы сөз мәдениеті үшін теріс әрекеттер деп бағаланады.

Сөздің басталуында этикеттік қаратпалардың қандай мәні болса, *назар салып тыңдағандарыңызға рақмет, ден қойып тыңдағандарыңызға рақмет, назар салғандарыңызға рақмет* деп сөзді аяқтаудың да соншалықты мәні бар. «*Назарларыңызға рақмет*» деген этикеттік норма қазіргі коммуникацияда қысқарып бара жатқан сияқты. Бұлай деу бір жағынан этикеттік норма болса, екінші жағынан, аудиториямен коммуникативтік байланыстың аяқталғанын байқататын белгі болып табылады.

Сөйлеушінің қарым-қатынас кезінде (ауызекі сөйлеу) күнделікті жіберетін қателіктері бар. Ол *балдар* (дұрыс нұсқасы балалар), *қолбақ* (дұрыс нұсқасы қолғап), *алдыға* (дұрыс нұсқасы алға), *күлкінішті* (дұрыс нұсқасы күлкілі) Бұндай қолданыстар адамның кез келген әрекетіне тән, ал сөйлеу, сөз саптау үдерісінде узустың орын алуы жиі кездесіп жатады. Ал *астына, үстіне, алдына* сөздерін *астыға, үстіге, алдыға* деп қолданып жүр (яғни «аст», «үст», «алд» деуге болмайды). Бірақ «арт» сөзі тәуелденбеген күйде де (арт, артқа), тәуелденген күйде де (арты, артына) айтылады. **Аст-ы, үст-і, алд-ы** – тәуелдік жалғанған сөздер. Оларға барыс септік жалғауы –*на, -не* болып жалғанады.

«*Айтпақшы, Дана! Кеше мен базарға бардым. Көп заттар қымбаттап кетінті*» (Qazaqgrammar парақшасынан) деген күнделікті сөз қолданысында көптік жалғауын жалғап айтушылар көбейді. Қазақ тілінің орыс тілінен ең басты ерекшеліктерінің бірі – көпше мағынаның өте сирек қолданылуы. Біздің тілімізде сандармен және көптік ұғымды білдіретін *қаншама, талай, біршама, көптеген, көп, қыруар* т.б. сөздермен келген зат

есімдерге көптік жалғауы жалғанбайды. Ереже бойынша *Баға өсті, көтерілді/түсті, төмендеді* деген қолданысты қазіргі коммуникацияда *баға қымбаттады/ арзандады* деп қолдану белең алып барады. ...*Міне, осындай сауда-саттықтың салдарынан елімізде дәрі-дәрмектің тапшылығы пайда болды, баға өсті (16 наурыз, 2021).*
<https://kazgazeta.kz/news/111944>

Норма туралы ғылыми пікірлерді топтастыра келе, оларға қойылатын талаптар мен наным-түсініктердің бір арнаға саятындығын байқадық. Осыдан барып мынадай түйін шығардық:

1. нормасыз жүйелі тіл болмайды;
2. норма пікір алысу, түсінісу арқылы жүзеге асады;
3. норма қарым-қатынас үстінде қалыптасады және жүйеленеді;
4. нормада лексикалық-грамматикалық ережелер жиынтығы сақталады. [43,16].

Тіл мәдениетін бұзатын түрлі кемшіліктерді атап өтуге болады: біріншіден, түрлі паразит сөздер (*жаңағы, құсап, нағып, ал, енді*, т.б.), жаргондар, вульгаризмдерді көп қолдану; екіншіден, тілді қасаң етіп, жасанды механизмге айналдыратын түрлі тілдік штамптар, канцеляризмдер, жалған мәнерлілік; үшіншіден, сөздерді қажет жерінде нақты қолданбай, ойды қысқа да нұсқа жеткізбей, жанама сөздерді көп қолданатын көпсөзділік; төртіншіден, сөздерді қате қолдану (синонимдерді дұрыс таңдамау, паронимдерді ауыстыру, орынсыз, плеоназм, артық сөздерді қосу, екіұшты мағына беретін сөздерді, етістіктерді шатастыру, т.б.); бесіншіден, шет тілден енген сөздерді көп қолдану; алтыншыдан, тіл сүреңсіздігі, жадағай сөйлеу, сөз жұтандығы; жетіншіден, сөйлемдердің шұбалаңқылығы, ой көмескілігі; сегізіншіден, сөздерді сөйлем ішінде дұрыс орайластырмай, ымыраластырмай, ақсандатып қою. Бұл қатарға қазіргі күні дағдыға ене бастаған басқа да бұрыс тілдік қолданыстарды қоса беруге болады. Сондай-ақ тіл тазалығындағы аса маңызды мәселе, айтылымдағы қателіктерді көрсетіп, түзеп отыру, орфоэпиялық нормаларды сақтауды талап ету. Сөзді дұрыс айтпау, екпінді, интонацияны дұрыс қоймау да кемшілік болып табылады, себебі саздылық, интонация сөзге жан беріп, эмоционалдығы, көркемдігі мен түсініктілігі, реңкі мен бояуы артады.

1-жаттығу. Норма мен узустың күнделікті тәжірибеде кездесетін мынадай сипаты бар. Осы сөздерді пайдалана отырып, қысқаша тұжырым жасаңыз.

Норма	Узус (дағды)
туған күн	туылған күн
Аспаз	Аспазшы
домбыра тартады, шертеді	домбыра ойнайды
Айтылмыш	Аталмыш
Әскер	Әскерлер
менің ойымша	мен ойлаймын
арнаулы курс	арнайы курс
Көктайғақ	Мұзтайғақ
кіруге бола ма?	кіруге болады ма?
ауырдың үстімен, жеңілдің астымен	аурудың астымен, жеңілдің үстімен
денесі жарақаттанды	мен денемнен жарақат алдым
жұмбақ айтайық	саған жұмбақ жасырамын
назар салғандарыңызға рақымет	назарларыңызға рақымет
таныстыру жалғасады	бағдарламада таныстыруымызды одан әрі өрбітеміз
келесі хабарымызды күтіңіз	Бізбен бірге қалыңыз, Бізбен бірге болыңыз
Құтты болсын	Құтты болсын айтамыз.

ауыз бөлме	ауызғы бөлме
осы жылғы	ағымдағы жыл

2-жаттығу. Сауалнамаға жауап беріңіз және қорытынды жасауға дағдыланыңыз (диаграмма, кесте, сандық көрсеткіштер, мәтіндік талдаулар және т.б.)

- Сіз өзге адамның жазуында немесе сөйлеуінде қателіктерін қаншалықты байқайсыз?
 - Жиі
 - Кейде ғана
 - Мүлдем байқамаймын
 - Басқасы
- Сөйлеу кезінде немесе жазу кезінде қатесін байқасаңыз ашуыңыз келе ме?
 - Ашу шақырады*
 - Мән бермеймін*
 - Басқасы
- Нақтырақ қандай қателіктерін байқаған жағдайда ашуланасыз? (бірнешеуін таңдасаңыз болады)
 - Емле/орфоэпиялық және фонетикалық қателер
 - Тіл жүйесінің морфологиясы мен жалпы грамматикасын түсінбеуі
 - Лексика/сөз мағынасына
 - Екпіннің дұрыс қойылмауы/жергілікті тіл ерекшеліктерін жиі қолдануы
 - Сленг, жаргон сөздерді көп қолдануы
 - Шет тілден енген сөздерді жиі қолданса
- Сөйлеу мен жазуда тілдің нормаларын сақтауы, тіл мәдениетін дұрыс пайдалану Сіз үшін қаншалықты маңызды?
 - Мен үшін өте маңызды
 - Бейжай қарамаймын
 - Мен үшін тіпті маңызды емес
- Сіз тіліміздің нормаларын сақтамай сөйлеген адамды білімді, сауатты деп ойлайсыз ба?
 - Иә
 - Жоқ
 - Білмеймін
- Сіз үшін қазақ тілінің грамматикасы тіпті қиын деп есептейсіз бе?
 - Иә
 - Жоқ
 - Басқасы
- Төмендегі қай ұстанымды қолдайсыз?
 - Қазақ тілінің ережелерін өзгерте бермесе екен
 - Тіл дамып отырады, сондықтан жаңа сөздерді өзіміздің табиғатымызға сәйкес қабылдасақ екен
 - Латын әліпбиіне жылдамдатып көшуді қолдаймыз.
- Бірінші ұстанымды не үшін таңдадыңыз? Пікіріңізді өз сөзіңізбен толықтырып жіберсеңіз?
- Екінші ұстанымды қандай себеппен таңдадыңыз? Пікіріңізді өз сөзіңізбен толықтырып жіберсеңіз?
- Үшінші ұстанымды не үшін таңдадыңыз? Пікіріңізді өз сөзіңізбен толықтырып жіберсеңіз?
- Тіліміздің ережелерін бұзып сөйлесек немесе жазсақ, ол қазақ тілінің болашағына әсер ете ме?
 - Иә,
 - Жоқ,

- Басқасы
12. Бір сөздің бірнеше вариантының болуы және оны әртүрлі етіп жазуына қалай қарайсыз?
 - Тіл қолданушылар үшін тиімдірек болады.
 - Қазақ тілінің сөздік қоры өте көп.
 - Ережелерді білмегендігімізден шығатын мәселе деп білемін.
 - Тұрақты норма болса, сол қағидаттармен жүргеніміз абзал.
 13. Мына сөздің қайсысы нормаға сәйкес құрылған:
 - Ағымдағы жылғы 26 желтоқсан – осы жылғы 26 желтоқсан
 - Серік, мен саған бір нәрсе айтуым керекпін – Серік, саған бір нәрсе айтуым керек
 - Жақсы сөз айтумен бастайық, Қайреке! – Жақсы сөз айтудан бастайық, Қайреке
 14. Мына сөздердің қайсысы тіліміздің нормасына сәйкес келіп тұр:
 - Автобустан шығу – Автобустан түсу
 - Автобусқа отыру – автобусқа міну
 - Айландыру – айналдыру
 - Алдыға – алға
 15. Сіз БАҚ-тағы тілдік қателіктерді байқайсыз ба: газет мақалаларында, тележүргізушілердің сөйлеуінде және т.б.?
 16. Мына сөздердің қайсысы «дұрыс», «бұрыс» деп ойлайсыз?
 - Отбасы, жанұя
 - Қандас, оралман
 - Құба құп, құба-құп
 - Премимальный, сыйақы
 17. Кез келген жердегі жарнамаларды көргенде қатесіне назар аударасыз ба?

3-жаттығу. Төмендегі мәтінді оқыңыз және пікірлерді сараланыз.

Қазіргі кез келген ақпаратты ең бірінші орыс тілінде оқитындығымыз ақиқат. Ондағы ақпаратты қазақ тілінде беру үшін аударма жасаймыз. Аударма жасауда кальканың тиімді жақтары да бар. Көп жағдайда аудармашының шеберлігіне байланысты. Мәселен, «*Ештен кеш жақсы*», «*Асауға тұсау*», «*Көздің қарашығындай сақтау*», «*Лай судан балық аулау*», «*Түймедейді түйедей ету*» деген секілді сөз тіркестері калька аудармалар. Бірақ өте сәтті аудармалар.

Ең сәтсіз, дендеп кеткен калька аудармалардың бірі – «*суретімен бөлісті*», «*пікірімен бөлісті*», «*тәжірибесімен бөлісті*» деген сөздер. Дұрысы, бұл жерде «суретін бөлісті», «пікірін бөлісті», «тәжірибесін бөлісті» боп табыс септігімен айтылуы керек. Егер «пікірімен» бір нәрсені бөліссе дұрыс, ал «пікірдің», «тәжірибенің» өзін бөліссе, онда «пікірін», «тәжірибесін» болады. Бірақ бұл кеңінен таралғаны соншалық, қазір кәрі де, жас та осылай сөйлейді. Сондықтан қайтадан дұрыс нұсқаға оралу керек. Бұл сіңісіп кететін болса, түптеп келгенде өзімізді шатастыратын болады.

4-жаттығу. Төменде берілген сөйлемдердің қайсысы дұрыс не бұрыс екенін дәлелдеңіз.

Сәби, ереже бойынша футбол добын қолмен ұстауға болмайды, оны аяқпен тебу керек. - Ереже бойынша, футбол добын ұстауға болмайды, тек тебу керек; Қазір маған медбике екпе жасайтын болады. - Қазір маған медбике екпе салады; Тергеушілердің мәліметінше, шенеуніктер кәсіпкерлермен бірге жоба құнын жасанды қымбаттатып, жалған кәсіпорындардың көмегімен миллиардтаған қаражатты қағаз ақшаға айналдырған. - Тергеушілердің мәліметінше, шенеуніктер кәсіпкерлермен бірге жоба құнын шамадан тыс артық көрсетіп, жалған кәсіпорындардың көмегімен миллиардтаған теңгені қолма-қол ақшаға айналдырып алған. Әр детальға мән беріңіз. Әлдебір жеміс не әйтеуір бір нәрсе емес, хош иісті жасыл алма деген сияқты сипаттап жазуға тырысыңыз - Әлдебір жеміс не әйтеуір бір нәрсе емес, хош иісті көк алма деген сияқты сипаттап

жазуға тырысыңыз; Бұл ереже адвокаттардың тәуелсіздігін және іске кірісу кезінде олардың өкілеттіліктерін растау мәселесін шешудің жеделдігін арттыруға бағытталған. - Бұл ереже адвокаттардың тәуелсіздігін және іске кірісу кезінде олардың өкілеттіліктерін растау мәселесін жедел түрде шешуге бағытталған; Наурызбай ауданында жарық тұрғын үйлерде жарық беру мәселесіне разы емес.- Жарықтың берілуіне көңілдері толмайды.

5-жаттығу. Әр сөйлемді мұқият оқып шығыңыз және норманың қай түріне жатқызасыз.

Бүгінгі күні республика бойынша барлығы 2,4 млн. гектар немесе 14,1% дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар жиналды. (2023 ж. 22 тамыз. <https://kazgazeta.kz/news/141446>) Мөлшерді білдіретін өлшем бірлігі саннан кейін сөзбен жазылғаны жөн. Сондай-ақ «миллион» және «миллиард» сөздері қысқартылғанда соңынан нүкте қойылмайды, өйткені «н» және «д» - бұл сөздердің соңғы әріптері.

Сол галереяның алғашқы туындылары ретінде В.Кантеревтің этюдтары қойылды. Қазақ халқын, оның ұлттық бет-бейнесін, ұлттық мінезін ашуда, салт-дәстүрін қалың көпшілікке танытуда В.Кантеревтің еңбегі ұшан-теңіз. (2015 ж. 15 ақпан, <https://kazgazeta.kz/news/24452>). «Соңғы буынында ю, е, э дауысты дыбыстар келетін орыс тілінен енген сөздерге қазақ тілі қосымшалары жіңішке жалғанады.

Биыл құжаттарды қабылдау eGov арқылы онлайн форматта немесе жоо-лардың қабылдау комиссиялары арқылы офлайн форматта жүзеге асырылады. Сондай-ақ, ЖОО-да виртуалды қабылдау комиссиясы жұмыс істейтін болады. Құжаттарды қабылдау кез келген жоо (орналасқан жері бойынша) арқылы жүзеге асыруға болады (2023 ж. 13 шілде <https://kazgazeta.kz/news/140154>). Қысқарған сөздердің ережесі бойынша бас әріптермен жазылуы тиіс.

6-жаттығу. Төмендегі мысалдардан қандай қорытынды жасар едіңіз?

Автобұсқа отыру, автобұстан шығу деген тіркестерді де жиі естиміз. Дұрыс қолданылуы: Автобұсқа міну, автобұстан түсу. Қазақ кез келген көлік түріне «міну» етістігін қолданады. Ежелде атқа мінсе, қазіргі таңда автобұсқа, троллейбұсқа, таксиге мінеді. Сонда отыру деген қайдан шықты? Ол орыс тілінен сөзбе-сөз келген аударма (садиться в автобұс – автобұсқа отыру). Автобұсқа міндік, демек түсеміз. Кез келген сөзді дұрыс қолданған жөн. Автобұстан шығу деген бір қарағанда қате емес секілді көрінер, бірақ дұрысы – «түсу». Көліктің қай түрі болмасын, «түсу» етістігін қолданғаныңыз жөн. Әлемде автобұсқа мінуге, сосын метроға, троллейбұсқа және тағы басқасына көшуге болатынын көріп отырмыз. Қазір бұл бойынша жұмыс істеп жатырмыз. (2023 ж. 22 маусым) <https://stan.kz/12-zhildan-beri-ozgermegen-almatidagi-kogamdik-koliktter-384285/>

7-жаттығу. Мәтіндерді оқып шығып, аналитикалық талдау жасаңыз.

А) Қазіргі жастардың тілінде уик-энд деп аталатын демалыс күндері олар түрлі *пати, бизнес-клуб, тренинг, дансинг-холл, пабтар мен ивенттерге* барады. Телеарналардан түрлі *хит-парадтар мен брейн-рингтер, реалиити-шоулар* көреді. Осындай сөздердің барлығы бізге медиакеңістік арқылы еніп, сіңісіп жатыр. Қазіргі «импорт» сөздер *дресскод, дедлайн, кештег, шопинг, хит, аватар, кофе-тайм, дайрект, пиар, вебинар, тренинг, коуч, баннер, квест* және т.б. кірме сөздерді, бір сөзбен айтқанда *англоцизм* сөздерді телебағдарламалар мен қазіргі қазақ контентінде жиі кездестіріп, естіп атамыз. Ауызекі сөйлеуде *лайфхак айтыңдар, авама сурет қоямын, оның харизмасы ерекше, аккаунтымды бұғаттап тастапты, дайрекке жазыңдар* және т.б. қолданыстар тілдік санамызды зақымдауда. Күнделікті сөйлеу тіліндегі дағдының нормаға айналмауына кім кепіл бермек?!

Ә) Г.Б. Мәдиева мен А.Т. Әлиакбарованың «Қазіргі қазақ есімдерінің лексика-семантикалық ерекшеліктері» атты ғылыми мақалада зерттеушілер 2000-2020 жылдар аралығында туған ұлты қазақ 6093 азаматтың аты-жөнін талдай келе, тарихи-мәдени есімдер (әлеуметтік) тобына заманауи (трансформацияланған) есімдер топшасын енгізуді

ұсынады. АХАЖ материалдарын саралау негізінде шет тілдерінен енген есімдердің көптеп кездесетінін айтады. Ондай неологизм есімдер қатарына мынадай аттарды береді: *Альбертгор, Асмир, Марсель, Равиль, Рауль, Рафаэль, Эдуард, Ангелика, Аэлита, Анабель, Альтея, Амалия, Ванесса, Жизель, Каролина, Киара, Лилиана, Сабрина, Селина, Фарангис*. Ана тіліміздегі немесе шет тілдерінен енген есімдердің формасы жағынан өзгеріп, жаңаша сипат алған түрін заманауи (трансформацияланған) есімдер деп атап, олардың қатарына Әрсен, Даниель, Роллан, Аделя, Азмима, Айнель, Айсель, Илана, Тамила есімдерін көрсетеді. «Соңғы жылдары жоғарыда аталған есімдердің қазақ баласына есім ретінде таңдалып алынуы, олардың кеңінен қолданыста болу себебін жаһандану үдерісі, бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы, сонымен қатар есім таңдауда оның сәнді (модный) болуын, құлаққа жағымды естілуін есепке алумен түсіндіруге болады», – дейді. Бұл пікір медиакеңістік ықпалының тілдік талғамды қалыптастыруға тікелей әсер ететінін тағы бір дәлелдейді.

8-жаттығу. Әлеуметтік желідегі *Калькасыз қазақ тілі (Telegram-бот)*, [Qazaq Grammar](#), Kazak bubble, Ainagrammar, [Qazaq Grammar](#), Qazaqsha jaz (Instagram) парақшаларынан норма мен қате қолданыстардан 10 мысал жазыңыз және оны талдаңыз.

9-жаттығу. Төмендегі талдауларды мұқият оқып шығыңыз. Түсінгеніңізді баяндаңыз.

«Өкінішке орай», «өкінішке қарай». Бұл қыстырма сөздер де аз талқыға түскен жоқ. «Өкінішке орай» деуге болмайды» деп қанша ескерту айтылғанымен, көп жазарманның осы қателіктен бас тартар түрі жоқ. Негізі, «орай» жақсы, жағымды мәні бар сөздерге жалғанып, айтылып-жазылуы керек. Дұрысы – «өкінішке қарай». Тіпті болмаса, «бір өкініштісі» деген нұсқаны пайдалансақ жөн болады.

«Болып табылады». Бұл тіркес орыстың «является» деген сөзінің тікелей аудармасы. Басқаларды былай қойғанда, қазір мұны журналистер лексиконынан да жиі ұшырастырамыз. Көзге түрпідей көрінетін осы бір кальканы қолданудан аулақ болған дұрыс. Мәселен, «*Астана является столицей Казахстана*» деген сөйлемді «*Астана Қазақстанның астанасы болып табылады*» деп аударуды қолайлы көріп тұрамыз. Ал, негізінде, ол «*Астана – Қазақстанның астанасы*» деп қана жазылуы тиіс. Бір сөзбен айтқанда, кез келген жағдайда «болып табылады» тіркесінің қызметін сызықша атқаруға тиісті.

«Жұмыс жасады». Аталған тіркестің қате екені үнемі айтылып-жазылып жүрсе де, сын-ескертпеден нәтиже болмай келеді. Ендеше, біз мұны тағы да қайталайық. «Жасау» сөзі қолдан жасалатын немесе құрастырылатын заттарға байланысты қолданылады. Мысалы: *құмыра жасау, есік жасау*, т.б. Ал жұмыс жасалмайды, істеледі. Демек, дұрысы «*жұмыс істеу*» болуы керек.

«Тәуекелге бару». Бұл да орыс тілінен сөзбе-сөз аударылған. «*Идти на риск*» деген сөздің калькасы. Қазақ тілінде «*тәуекел ету*» деп айтылып, жазылуы шарт.

«Өз кезегінде». Біздің етіміз әбден үйреніп кеткен сөздердің бірі осы. Орыстардың «в свою очередь» деген тіркесінің көшірмесі. Сөйлемнің басын «өз кезегінде» деп бастауға үйірміз. Шынын айтқанда, бұл қыстырманың ешқандай мән-маңызы, атқарар қызметі жоқ. Мысалы: «*Өз кезегінде, ол баяндама жасады*» деген сөйлемнен калька қыстырманы алып тастағаннан мағына өзгермейді. Демек, бұны да әлдеқашан «архаизмге» жіберуіміз керек еді.

«Орын алды». Бұл да сөйлем құрау дағдымызға дендеп кіріп алған тіркес. Оқиғамыз да, іс-шараларымыз да «орын алып» жүр. Орыс тіліндегі «имел место» деген сөздің аудармасы. Көбіміз ана тілімізден «орын алдының» орнын басатын сөз таппай қиналатын секілдіміз. Шынтуайтында, оқиға, іс-шара орын алмайды, болады, өтеді. Орынды жарысқа, байқауға қатысушылар ғана алады. Мысалы: «*Өрт орын алды*» емес, «*өрт болды*».

«Қатысуымен» және «бойынша». Осы екі сөз көп жағдайда орынсыз, ретсіз қолданылады. 1.Орыс тіліндегі сөйлемде «с участием» деген сөз бар болса, оны үнемі

қалдырмай қолдану міндетті емес. Мәселен, «В Костанаве произошло дорожное-транспортное происшествие с участием автомобиля «Мерседес» деген сөйлемді қалай аударып жүрміз? «Қостанайда «Мерседес» көлігінің қатысуымен жол-көлік оқиғасы орын алды» деген аударма қабылдана беретін болды. Қазақ тілінің табиғатын осылай бұзамыз. «Қостанайда жол апаты болды. Онда «Мерседес» көлігінің соғылғаны анықталды» деп екіге бөле салсақ қайтеді? «Қатысу» етістігін әр жерге қатыстыра бермеу керек. 2. Орыс тілінің сөйлем құрау тәртібінің жетегінде кеткенімізді дәлелдейтін тағы бір деталь – олардың «по» дейтін демеулік сөзін, келсін-келмесін, «бойынша» деп қана аударатынымыз. Мысалы, «Қостанай облысы бойынша департаменті» («департамент по Костанайской области»), «Жастар ісі бойынша комитеті» (комитет по делам молодежи) деген сөйлемдерді алайық. Бұл жерде «жөнінде» деген сөз сұранып тұр емес пе. Қандай тілден аударсақ та сөйлемді қазақы түсінікке салып, қазақша ойланып жазайық.

«Бөлісу». Қазір осы бір қимыл есімі арқылы жасалатын тіркестерді кәрі-жастың бәрі сәтсіз қолданып жүр. «Пікірімен бөлісті», «тәжірибесімен бөлісті», «қуанышымен бөлісті» деген сөздерді күнде естиміз, оқимыз. Негізінде, бұл тіркестер көмектес септік жалғауымен жасалмауы керек. Табыс септік жалғауы арқылы «пікірін бөлісті», «тәжірибесін бөлісті», «қуанышын бөлісті» делінуі қажет. Өйткені бұл жерде адам «қуаныштың» өзін бөлісіп тұр. Егер «қуанышымен» тағы бір нәрсені бөліссе, онда әңгіме басқа. Қысқасы, дұрыс нұсқаға қайта оралуымыз керек.

Қазақ тіліндегі калька мәселесі өте өзекті болып тұр. Орыс тілінен орашалақ, сөзбе-сөз аудару кеселінен құтыла алмай келеміз. Екі тілдің синтаксистік құрылымы екі басқа екенін ескеру керек. Ана тілінің болмыс-баяуын бұзбауға әрқайсымыз жауаптымыз.

«Кешіріңіз». Қазақ тіліне нақтылық тән, «кешірім сұраймын», «дегім келеді», «болып табылады» деген сияқты тіркестер қате қолданыс. Бұлар орыс тіліндегі «хочу поблагодарить», «прошу прощения», «является» деген сияқты тіркестердің калькаланған түрі. «Кешірім сұраймын», «кешірім сұрағым келеді» деген тіркестердің келер шақ формасында мақсат қою, ниет білдіру мәнінде жұмсай аламыз: *Мен ертең апайымнан кешірім сұраймын. Бұл әрекетім үшін одан әлі күнге дейін кешірім сұрағым келеді.*

«Америкалық». Адамның я заттың қай елден шыққанын білдіру үшін жағрафиялық атауға жұрнақ жалғанады. Орыстарға қарасақ, олар «американ» сөзін тұтас транслитерация жасаған да, соңына «-ская» жұрнағын жалғаған. Біздікілер де кейде осы жолды ұстанып «американ+дық» деп алып жүр. «American-ның» түбірі «America». America+n – тұтас АҚШ әлемін айқындап тұрған заттың сипатын білдіретін сын есім, яғни америкалық немесе американдық дегенді білдіреді. Қайсысының дұрыс, қайсысының бұрыс екенін айқындап беретін өз сөз жасау жаңдылығымыз болса керек. Мысалы, Алматы+лық, Астана+лық, Семей+лік дегендей. Ендеше сөз тудырушы жұрнақты түбірге жалғауымыз керек. Орысша нұсқасына (американская) жабысуға еш негізіміз жоқ. Олардың тілдік заңдылықтары өздеріне ғана тән. Жапондық☉-Жапон✓, Американдық☉-Америкалық✓, Мексикандық☉-Мексикалық✓, Әзербайжан☉-Әзірбайжан✓, Венгр☉-Мажар✓, Дұңған☉-Дүнген✓, Украиндық☉-Украин✓, Испандық☉-Испан✓

Пайдаланған әдебиеттер

- 1.Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптасуы (кодификациясы). *Көптомдық шығармалар жинағы.* – Алматы: «Ел-шежіре», – 2014. - 292 б.
2. Алдашева А. Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі жаңа қолданыстар: фил. ғыл. канд. дисс.автореф. – Алматы, 1992. – 143 б.
- 3.Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Филология ғыл.докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация//Алматы, 2007
4. Жұбаева О. Сөз киесі <https://qazradio.fm/shalqarfm/kz/programs/64/>
5. Сөзтүзер (Қате қолданыстар сөздігі) Ш. Құрманбайұлы, Ж. Жақыпов, Т.Ермекова, О. Жұбаева, Б. Сүйерқұл, Н. Қожабек, А. Әлменбет) – Нұр-Сұлтан, 2021. – 402 б.

